

Ардагер ұстаз Серім Айғаныммен кездесу

20.03.2024ж. күні «Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты «Жәнібеков оқулары – 1» халықаралық ғылыми-теориялық конференция барысында Өзбекәлі Жәнібековтің немере-қарындасы, ардагер ұстаз Серім Айғаным студент жастармен кездесу өткізді.

45 жыл ұстаздық қызмет атқарған апамыз болашақ ұстаздар қауымына өзінің тәжірибесімен бөлісе отырып, ұстаздық қызметтің ұлы қызмет екендігін атап өтті. Серім Айғаным жастарды білім жолында тек еңбектенуге шақырды. Кездесу соңында студенттер Айғаным апамызбен естелік фотоға түсті.

